

Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының
«Абай» Келес аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысын жария талқылау хаттамасы.

Абай ауылы

21.06.2024ж.

Төрайым:

Исахова Сауле Серикбаевна-кәсіпорын басшысы.

Хатшы:

Жунусов Бауыржан Жанибекович - заң кеңесшісі

Күн тәртібінде:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысын жария талқылау

Қатысқандар: «Абай» Келес аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның әкімшілік-басқару қызметкерлері, құрылымдық бөлім меңгерушілері, ауруханаға қарасты емдеу мекемелерінің аға дәрігерлері және аурухананың кәсіподақ ұйымының қызметкерлері – Г.Ештаева, Н.Мадиева.

Талдаудың мәні: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың алдын-алу, жою болып табылады.

Жиналыста төмендегідей мәселелер айтылып, қаралды:

Бұған дейін «Абай» Келес аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-мен 2024 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша іс-шара жоспары бекітілген болатын.

Бекітілген іс-шара жоспары 2024 жылдың 17-мамыры мен 28-маусым аралығын қамтиды және ол жөнінде «Абай» Келес аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның әлеуметтік желілерінде жария етілген болатын.

Ішкі талдау келесі бағыттарда жүргізілуде:

1). Кәсіпорын қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2). Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жұмыс тобы бөлімінің қызметінде басшылыққа алатын заңдары, Кодекстері және нормативтік-құқықтық актілерін қарастыру барысында анықталған кемшіліктер:

1. Персоналды басқару бойынша шығарылған бұйрықтарда, қызметкердің зейнеткерлік жасына толып, жұмыстан босату туралы бұйрықтарында ҚР «Еңбек Кодексінің» баптарына сілтемені дұрыс қоймағаны анықталды.

Зейнеткерлік жасқа толып, еңбек шартын бұзу ҚР «Еңбек Кодексінің» 1-тармағының 24)-ші тармақшасы негізінде бұзылуы қажет.

Жоғарыда анықталған тәуекелдерді жою мақсатында төмендегідей ұсынымдар берілді:

1. «Абай» Келес аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін нормаларды анықтау, оны жою шарасын ұйымдастыру;

2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерін жасауға жол бермеу және оның алдын-алу бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

3. Еңбекке жарамсыздық парағын негізсіз берілмеуіне тиісті тексерулер жүргізу;

4. Құжаттарды рәсімдеу кезінде заң талаптарының сақталуын қадағалау.

Жиналыс барысында «Абай» Келес аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның кәсіподақ ұйымының төрайымы Г.Ештаева денсаулық сақтау саласында халыққа медициналық қызметтің қолайлы әрі сапалы көрсетілуіне ықпал ететін ұсыныстар мен пікірлер айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, алдағы уақытта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерін жасауға жол бермеу басты мақсатымыз екендігі түсіндірілді.

Төрайым:

Хатшы:



С.Исахова

Жунусов Б.